



FinePower

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Лазерлік қашықтық
өлшеуіш
FinePower D40

Құрметті сатып алушы!


«FinePower» сауда таңбасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін Сізге алғыс білдіреміз. Біз Сізге функционалдылық, сапа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сай әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды қуана ұсынамыз. Аспапты пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ аспапты дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Лазерлік қашықтық өлшеуіш — лазерлік сәулені қолданып қашықтықты өлшеуге арналған аспап. Инженерлік геодезияда, топографиялық түсірілім кезінде, соғыс ісінде, навигацияда, астрономиялық зерттеулерде, фотографияда кең қолданылады.

Сақтық шаралары

1. Лазерлік сәулені адамдарға немесе жануарларға бағыттамаңыз және лазерлік сәулеге қарамаңыз. Нағыз өлшеу аспабынан шығатын лазерлік сәулелендіру адамдарды көзден айыруы мүмкін.
2. Лазерлік көзілдірікті қорғаныш көзілдірігі ретінде қолданбаңыз. Лазерлік көзілдірік лазерлік сәулені жақсы тану үшін қызмет етеді, дегенмен ол лазерлік сәулелендіруден қорғамайды.
3. Лазерлік көзілдірікті күнге қарсы көзілдірік ретінде немесе көшеде жүргенде қолданбаңыз. Лазерлік көзілдірік ультракүлгін сәулелендіруден толық қорғамайды және түстерді қабылдауды нашарлатады.
4. Балалардың лазерлік өлшеуіш құралды қадағалаусыз пайдалануына рұқсат бермеңіз. Олар абайсызда адамдарды көзден айыруы мүмкін.
5. Жарылыс қаупі бар ортада, жанғыш сұйықтықтары бар, газды және шаңды жерге таяу маңда өлшеуіш құралмен жұмыс істемеңіз. Өлшеуіш құралдан шаңды немесе буды тұтандырып жіберуі ықтимал ұшқындар шығуы мүмкін.
6. Өлшеуіш құрал тек қана жабық үй-жайларда пайдалануға жарайды.
7. Құрылғыны өз бетіңізше бөлшектемеңіз. Ішінде өз-өзіне қызмет көрсетуге жарайтын бөлшектер жоқ. Құрылғы жұмысындағы кез келген бұзылыс кезінде дереу авторланған қызмет көрсету орталығына жүгініңіз.
8. Құрылғыны өз бетіңізше түрлендірмеңіз, бұл жарылысқа әкеп соқтыруы мүмкін.
9. Өлшеуіш құралды ылғал мен күн сәулесінің тікелей әсерінен қорғаңыз.
10. Өлшеуіш құралды экстремалды температура әсеріне және температуралық айырымға ұшыратпаңыз, оны ұзақ уақыт машина ішінде қалдырмаңыз. Үлкен температуралық айырым кезінде онымен жұмысты бастамас бұрын өлшеуіш құралдың өз температурасын тұрақтандыруына мүмкіндік беріңіз. Экстремалды температура және температуралық айырым өлшеуіш құралдың дәлдігіне кері әсерін тигізуі мүмкін.
11. Өлшеуіш құралды қатты соққы мен құлаудан қорғаңыз. Құралдың зақымдануы өлшеу дәлдігіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Құрал қатты соғылған соң немесе құлағаннан кейін бақылау үшін лазерлік сызықтарды белгілі тік немесе көлденең тірек сызықтарымен салыстырыңыз.
12. Тасымалдау кезінде құрылғыны сөндіріп қойыңыз. Сөндірген кезде маятникті механизм бұғатталады, әйтпесе ол күрт қозғалыс кезінде зақымдалуы мүмкін.
13. Батареяларды орналастырғанда, олардың полярлығы құрылғының батарея салатын бөлігіндегі таңбаға сәйкестігіне қараңыз.
14. Қуат көзінің ескі және жаңа элементтерін бір мезгілде салмаңыз.
15. Егер құрылғыны ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз, қуат көзінің элементтерін шығарып алып қойыңыз.


Құрылғының сұлбасы





1. Лазерлік сәуле шығатын терезе.
2. Лазерлік сәуле кіретін терезе.
3. Дисплей.
4. Құрылғыны қосу / өлшеу.
5. Өлшеу қызметтері / өлшеу бірліктерін ауыстыру.
6. Құрылғыны өшіру / Дисплейдегі мәліметтерді жою.
7. + / - / өлшеу тарихы.
8. Есептеу нүктесін таңдау.
9. Жарық индикаторы.
10. Батарея салатын бөлік.


Құрылғымен жұмыс

Құрылғыны қосу / өшіру

Құрылғыны қосу үшін  батырмасын басып ұстаңыз. Құрылғының баптаулары зауыттық мәндерге орнатылатын болады.



 батырмасын басыңыз, экранда лазер белгісінің қарқындылығы мен батарея қуатының индикаторы көрінеді:




Құрылғыны өшіру үшін  батырмасын басып ұстаңыз. Одан басқа, құрылғы 30 секунд әрекетсіз күйде тұрған соң, лазер автоматты түрде белсенділігін жоғалтады, ал 3 минут әрекетсіз күйде тұрғаннан кейін құрылғы автоматты түрде өшіп қалады.

Есептеу нүктесін таңдау


Әдепкі қалып бойынша өлшеу кезіндегі есептеу нүктесі ретінде құрылғының артқы жиегі  белгіленді.

Құрылғы қосулы тұрғанда, есептеу нүктесін алдыңғы жиектен алдыңғы позицияға өзгерту үшін  батырмасын басыңыз: .



Дисплейдегі мәліметтерді жою



Дисплейден ағымдағы барлық мәліметті немесе пәрменді жою үшін  батырмасын басыңыз.

Өлшеу бірліктерін өзгерту


Құрылғы әдепкі қалпы бойынша өлшеуді метрмен жүргізеді, алайда  басып ұстай отырып, футқа немесе дюймға ауыстыра аласыз.


Біржолғы өлшеулер тәртібі

Құрылғы қосулы тұрғанда, лазерді белсендіру үшін  батырмасын басып, құрылғыны нысанаға көздеңіз де, ара қашықтықтың біржолғы өлшемін алу үшін  басыңыз. Нәтижені дисплейден көресіз:










Үздіксіз өлшеулер тәртібі (I→I)

Құрылғы қосулы тұрғанда, үздіксіз өлшеулер тәртібін белсендіру үшін  батырмасын басып ұстаңыз. Дисплейден ең үлкен (MAX), ең кіші (MIN), сондай-ақ негізгі (ағымдағы) мәндерді көретін боласыз:




Өлшеудің басқа қызметтері


Өлшеудің әр түрлі қызметтері арасында ауысу үшін  батырмасын басыңыз (ауданды өлшеу , көлемді өлшеу , «жанама» өлшеулер жүргізу (Пифагор теоремасы бойынша өлшеу ):




Қосу және азайту амалдары


 батырмасының көмегімен ендігі бар ара қашықтыққа келесі өлшеу нәтижелерін қоса (+), не болмаса ағымдағы нәтижеден шегеріп тастай (-) аласыз.

Өлшеу тарихын сақтау және көру

Өлшеу нәтижелері құрылғыда автоматты түрде сақталады. Оларды көру үшін  батырмасын басып ұстаңыз.



Экранның сол жағындағы нөмір үлкен болған сайын, мәліметтер жазбасы соғұрлым барынша

бертіндегі болып табылады.  батырмасының көмегімен сақталған өлшеу нәтижелерінің бәрінің арасында ауысыңыз.

Құрылғыны тазарту

Құрылғыны жұмсақ дымқыл шүберекпен сүртіңіз. Жемір жуғыш құралдарды пайдаланбаңыз. Су тиген кезде құрылғыны қашан да жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Оптикалық беттерге ұқыпты күтім жасаңыз.

Қосымша ақпарат

Техникалық сипаттамалар

Өлшеу ауқымы: 40 м: 0.05 м ~ 40 м.

Өлшеу қателігі (стандартты ауытқу): ± 2 мм

Өлшеу бірліктері: м, фт, “.

Ауданды өлшеу бірліктері: м², фт².

Лазердің түрі: 620 ~ 690 нм.

Лазердің класы: II, < 1 мВт.

Бір өлшеудің уақыты: 0.25 с.

Жұмыс температурасы: 0 ~ +40 °С.

Сақтау температурасы: -20 ~ +65 °С.

Қуат көзі: ААА батареялары (2 x 1.5 В).

Батареяның толық қуатымен өлшеулер саны: > 5000.

Салмағы (батареясыз): шамамен 76 г.

Өлшемдері (Ұ x Е x Б): 110 x 40 x 25 мм

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

1. Ашық күн сәулесі, тегіссіздік немесе сипаттарды шағылыстыратын беттер, сондай-ақ ауа температурасы сияқты ортаның сыртқы факторлары өлшеу нәтижелерін бұрмалауы мүмкін.
2. 10 м шегіндегі ара қашықтықты өлшеу кезінде де нәтиже бұрмалануы ықтимал (± 2 мм). 10 м-ден артық ара қашықтықты өлшеу кезіндегі дәлдік былайша есептеледі: ± 2.0 мм $\pm 0.05^*$ (D-10) (D: өлшенетін ара қашықтық, шамасы: м).

Туындауы мүмкін мәселелер және олардың шешімі

- «Err10» коды: батареялар қуаты таусылуға жақын. Батареяларды ауыстыру қажет.
- «Err15» коды: нысана құрылғының шамасы жетпейтін жерде. Құрылғының жұмыс ара қашықтығы шегіндегі нысананы таңдаңыз.
- «Err16» коды: алынған белгі тым әлсіз. Ашық түспен боялған нысананы таңдаңыз. Сондай-ақ, бәлкім, құрылғының анағұрлым тұрақты күйін қамтамасыз ету керек болар.
- «Err18» коды: аясы тым ашық. Қошқыл түспен боялған нысананы таңдаңыз.
- «Err26» коды: нысана құрылғының шамасы жетпейтін жерде, алайда белгі алынуы мүмкін. Мұндай жағдайда дисплейде көрінетін нәтижелер жаңылыс болады. Құрылғының жұмыс ара қашықтығы шегіндегі нысананы таңдаңыз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы өндірушінің және тұтынушының жылытылатын панажайларында өндірушінің қаптамасында 5 °C... 40 °C аралығында дейінгі температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерде сақталуы тиіс. Панажайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққының, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққының, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталған соң оны әдеттегі тұрмыстық қалдықпен бірге қоқысқа тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейін қайта өңдеу мен кәдеге жаратылуы үшін электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдайтын сәйкес орындарға өткізілуге тиіс. Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, табиғат қорын сақтауға көмектесесіз әрі тиісінше қарамаудан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі ықтимал залалдың алдын аласыз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Чанчжоу Номи Электрон Тэхнологжи Ко., Лтд.
№8, Шандэ тас жолы, Чанчжоу., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нур-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауардың сертификатталуы міндетті емес.

Ерекшеліктер, өнім туралы ақпарат, оның конфигурациясы мен функционалдығы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгешеленуі мүмкін.

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Құны: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру өкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Құрылғыға берілетін кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының жаңа тізімі мына мекенжайда:

<https://finepower.ru/page/dynamic/support/>



